

## 2016 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 11 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 қаңтарда № 3534 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 147 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 29.04.2016 № 147 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес, Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

3. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама қолданылады.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ділдәбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С.Ерғай*

Арыс қаласы әкімдігінің

2016 жылғы қаңтардағы  
№ 11 қаулысымен бекітілген

**2016 жылы ақылды қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі,  
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың  
көздері**

р/ с	Ұйымдардың атауы	Жұмыс түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көздері
1	Арыс қаласының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу, мұрағат құжаттары және тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру және тігу	65	4500 іс-құжат, 9200 іс-құжат	Қалалық бюджет
2	Арыс қаласының "Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу, абаттандыру және көгалдандыру, қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету	125	5000 іс-құжат, 110000 шаршы метр	Қалалық бюджет
3	Арыс қаласы "Қожатоғай ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту. Ағаш көшеттерін отырғызу	50	50000 шаршы метр, 2850 түп	Қалалық бюджет
4	Арыс қаласы "Монтайтас ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту. Ағаш көшеттерін отырғызу	50	250000 шаршы метр, 2000 түп	Қалалық бюджет
5	Арыс қаласы "Байырқұм ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту. Ағаш көшеттерін отырғызу тазарту	50	40000 шаршы метр, 4500 түп	Қалалық бюджет
6	Арыс қаласы "Жиделі ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту. Ағаш көшеттерін отырғызу	50	250000 шаршы метр, 2000 түп	Қалалық бюджет
7	Арыс қаласы "Ақдала ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту. Ағаш көшеттерін отырғызу	5	10000 шаршы метр, 1000 түп	Қалалық бюджет
8	Арыс қаласы "Дермене ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту. Ағаш көшеттерін отырғызу	50	415000 шаршы метр, 2000 түп	Қалалық бюджет

9	Арыс қаласының "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттары тізімдерін жасау, құжаттарды көбейту, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	10	3000 іс-құжат	Қалалық бюджет
10	"Ақаба-Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Кәріз жүйелерін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысына көмек көрсету	15	2 шақырым	Қалалық бюджет
11	"Қызмет-Сервис-Арыс" жауапкершілік шектеулі серіктестігі	Көшелерді және аумақтарды коқыстардан тазалау, демалыс және мәдениет орталық паркінің аумағын жинау, абаттандыру, көгалдандыру	85	110000 шаршы метр	Қалалық бюджет
12	Арыс қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Арыс жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	Қазандық жүйелерін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысына көмек көрсету, жылу төлемдерін жинауға көмектесу	15	3 шақырым, 200 пәтер	Қалалық бюджет
13	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазсушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Оңтүстікауызсу" филиалы	Су жүйелерін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысына көмек көрсету	80	5000 шақырым	Қалалық бюджет
14	"Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Арыс ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу (Қоғамдық тәртіпті сақтауға көмек көрсетуді қамтамасыз ету)	30	Қала және ауылдық округ аумағында	Қалалық бюджет
15	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Арыс қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі	Жеке тұлғалардың алынатын жер және мүлік салықтарына хабарламалар тарату	20	1000 үй	Қалалық бюджет
	Барлығы:		700		

Ескертпе: Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

